



ТҮРКИЯДАҒЫ СИРИЯЛЫҚ МИГРАНТТАР: ҚОНАҚ БОЛУДАН ҚОНЫСТАНУҒА ДЕЙІН

2019 жылдың наурыз айында Сириядағы режим мен оппозиция арасындағы азаматтық соғыстың басталғанына тоғыз жыл болды. Бұл соғыс салдарынан шамамен 13 миллион сириялық өз үйлерін тастап, шетелге немесе ел ішіндегі қауіпсіз аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Біріккен ұлттар ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының (БҰҰ БЖКБ) мәліметтері бойынша, 2019 жылдың 13 маусымында көбінесе көрші елдерге бас сауғалаған босқындардың саны 5,635,301 адамға жетті. Бұл елдердің арасында 3,614,108 яғни 64,1% босқындар қабылдаған Түркия елі көш бастап келеді. Босқындардың қалған бөлігі Ливан (935,454 адам), Иордания (664,330 адам), Ирак (252,983 адам) және Мысыр (132,713 адам) елдеріне бас сауғалаған. Сонымен қатар, 6,6 миллион сириялық ел ішіндегі басқа аймақтарға көшсе, босқындардың шамамен 1 миллионы негізінен заңсыз жолмен Еуропаға жетті.

«Ашық есік» саясатын ұстанған Түркия Сирия үкіметінің азаматтық наразылық күштерін басып-жаншуынан кейін туындаған азаматтық соғыстан қашқан сириялық босқындарды 2011 жылдан бері қабылдап келеді. Кейбір босқындар Еуропаға заңсыз жолмен жетуге тырысса, көпшілігі түрік үкіметі құрған босқындар лагерлеріне қоныстануды жөн санайды. 2011 жылдан бері Анкара сириялық босқындарға гуманитарлық көмек көрсету үшін 37 миллиард доллардан астам қаражат жұмсады, бұл Еуропа одағы Түркияға жіберген 2,1 миллиард еуродан 17 есе артық екенін ерекше атап өткен жөн. Дегенмен, қақтығыс күшейе түскен сайын көші-кон ағыны да күрт өсті деуге болады. Бұл жағдай түрік үкіметінің Сириядан келген босқындардың үлкен ағынына байланысты туындаған ұйымдастырушылық және бюрократиялық мәселелер бойынша баламалы және жылдам шешім қабылдауын талап етті.

Нәтижесінде, түрік үкіметі осы мәселелерді шешу үшін пана беру тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізу жөнінде шешім қабылдады. 1951 жылғы Босқындар мәртебесі туралы конвенция мен оның 1967 жылғы Хаттамасы шығу тегі бойынша еуропалық және түрік тобының адамдарына ғана Түркияны паналауға рұқсат береді. Осылайша, ереже аясындағы географиялық шектеулер сириялықтарды қамтымайтындықтан оларға уақытша мәртебе берілді. 2013 жылы түрік үкіметі 1994 жылғы Бассауға беру туралы ережені Шетелдіктер мен халықаралық қорғау туралы кешенді заңмен жаңартты және елдегі көші-конды басқаруға жауапты орган ретінде Көші-кон басқармасын құрды. Осылайша, Шетелдіктер мен халықаралық қорғау туралы заң қабылданғаннан кейін пана берудің шарттары жақсарды. Алайда жаңа ережелер енгізілгеніне қарамастан, кейбір мәселелер әлі де шешімін тапқан жоқ. Мысалы, жаңа заң бойынша сириялықтарға уақытша босқын мәртебесіне байланысты жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Өйткені еңбек нарығына қатысты жаңа өзгерістер тек қана жоғары білікті шетелдіктер мен елде ұзақ уақыт бойы тұрып келе жатқан босқындарға жұмыс істеу құқығын береді. 2016 жылы қаңтарда шығарылған Уақытша құқықтық мәртебе берілген шетелдіктерге жұмысқа орналасуға рұқсат беру туралы ережені енгізген соң оларға Түркияда заңды түрде жұмыс істеуге мүмкіндік берілді.

Қазіргі уақытта сириялық босқындардың басым бөлігі негізінен елдің оңтүстігі мен Ыстамбұл, Измир және Анкара сияқты ірі қалаларда тұрады. Егер олар босқындарға арналған лагерлерден тыс жерде өмір сүргілері келсе, өз отбасыларының қажеттіліктерін өздері қамтамасыз етуі керек. 2016 жылдың қаңтар айына дейін 400 мыңға жуық босқын тоқыма, құрылыс, өндіріс және ауыл шаруашылығы салаларында заңсыз еңбек еткені белгілі. 2017 жылы БҰҰ БЖКБ жүргізген сауалнамаға сәйкес, Түркиядағы сириялықтардың 76%-ы жақын болашақта өз еліне қайтып оралуды қарастырмайды, олардың тек 6%-ы ғана Сирияға қайтуды жоспарлап отыр. Осы екі тұжырымды ескере отырып, қабылдаушы елде жаңа өмір бастау ниеті Түркиядағы әрбір он сириялықтың тоғызын босқындар лагерлерінен кетуге итермелейді деуге болады.

Уақытша құқықтық мәртебе берілген шетелдіктерге жұмысқа орналасуға рұқсат беру туралы ережеге сәйкес, сириялық босқындар елде алты айдан астам уақыт бойы болғанын дәлелдеп, ал жұмыс берушілері Түркияның Еңбек және әлеуметтік қауіпсіздік министрлігіне онлайн өтініш жіберуі керек. Әдетте, жұмыс берушілер сириялық босқындарға ең төменгі жалақы төлеуі тиіс және олардың компания немесе кәсіпорындағы үлесі жұмысшылардың жалпы санының 10%-ынан аспауы керек. Сонымен қатар, сириялық босқындар тек тіркелген аймақтарда ғана жұмыс істей алады. Дегенмен, жұмысқа рұқсат беру ережесіндегі ең төменгі жалақы талабы жұмыс берушілер тұрғысынан сириялық босқындарды жұмысқа қабылдауда белгілі бір шектеулер немесе тіпті жағымсыз жағдайлар тудырса да, ең төменгі жалақы шарты босқындардың өз еңбектері үшін лайықты деңгейде жалақы алуларына жақсы ынталандыру болады. Алайда, олардың көпшілігі түрік тілінде еркін сөйлей алмағандықтан немесе мүлдем білмегендіктен, жұмыс берушілер еңбек шығындары бойынша ешқандай айырмашылық болмаған жағдайда олардың орнына тіл білетін жергілікті қызметкерлерді алуы жөн көреді.

Тағы бір мәселе компанияның ішіндегі 10%-дық шектеуге байланысты. Түркияның Статистика институтының деректері бойынша, 2018 жылы елдегі жұмыс күшінің саны 31,4 миллион адамды құрады. Олардың 28 миллионы жұмыспен қамтылған, ал жұмыссыздық деңгейі 10% шамасында. Еңбек жасындағы 1,9 миллион сириялық босқынға 10% ережесі қолданылатынын ескеретін болсақ, макро-перспективада 2,8 миллион рұқсат қағазы жеткілікті деңгейде екенін байқауға болады. Осылайша, 10%-дық

шектеу техникалық тұрғыда барлық еңбек жасындағы сириялық босқындарды қамтиды. Алайда, сириялық босқындардың ел ішінде әртүрлі деңгейде таралуы мен тіркелген қалаларындағы халықтың жалпы санымен салыстырғанда сириялық босқындардың әртүрлі үлесіне байланысты бірқатар қосымша мәселелер туындайды. Мәселен, Килис қаласында осындай мәселе орын алған. Бұл қалада жалпы жұмыс күшінің саны шамамен 16 мың адамды құрайды және 10%-дық ережеге сәйкес 1600 босқынға ғана жұмысқа істеуге рұқсат беріледі. Алайда, Килисте тіркелген сириялық босқындардың саны 130 мыңнан асады. Тіркелген аймақта ғана жұмыс істеуге мүмкіндік беретін географиялық шектеу ережесі Килис қаласындағы қалған 128,400 сириялық босқын үшін жұмыс істеуге рұқсат алуға бюрократиялық кедергі туғызады. Бұл жағдайдың шешімі ретінде жұмыс беруші шетелдік қызметкерді жұмысқа алудан бір ай бұрын Еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігіне өтініш беріп, осы жұмысқа қабілетті білікті түрік азаматы жоқ екендігін көрсетуі тиіс. Тек өтініш мақұлдаған жағдайда ғана компания 10%-дық шектеуден артық сириялық босқындарды жұмысқа алуға құқылы.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты, сириялық босқындардың жұмыс істеуге рұқсат алу санының өсуі күтілмейді. Себебі жұмыс берушілер сириялық босқындарды жұмысқа алу кезінде, әсіресе, жұмысқа алынатын адамдардың біліктілігі төмен немесе жұмыс орындарын жергілікті жұмыс күшімен оңай қамтамасыз ететін жағдайда мұндай бюрократиялық рәсімдерден өткізгісі келмейді. Сандарға көз жүгіртсек, 2016 жылға қарай 13,298 сириялық босқынға жұмыс істеуге рұқсат берілді, 2019 жылғы наурызда бұл көрсеткіш 31,185-ке дейін өскенін көруге болады. Түркиядағы сириялық босқындардың жалпы санымен салыстырғанда, бұл көрсеткіш тек 0,9%-ды құрайды.

Қорытындылай келе, 2013-2016 жылдар Түркия үкіметі үшін сириялық босқындардың мәселелерін шешуде құқықтық және операциялық тиімділікті дамыту тұрғысынан айтарлықтай жемісті кезең болды деуге болады. Бұл әрекеттер сириялық босқындардың түрік қоғамына әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан интеграциялануына негіз болатын жақсы бастама болып саналады және бұл үдерісті қонақ болудан қоныстануға дейінгі үдеріс деп атауға болады. Алайда кейінірек түрік үкіметінің күн тәртібіндегі өзекті ішкі және сыртқы оқиғаларға байланысты бұл үдеріс біраз баяулады, өйткені сириялық босқындарға қатысты саясатта айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Мысалы, 10%-дық компания квотасы қатарлы мәселелерге арнайы шешім табу қажет. Осыған байланысты қоныс аударған елде қалыпта және жаңа өмірге бейімделуге ұмтылған сириялық босқындар интеграция үдерісінен табысты өту үшін Түрік үкіметі мен басқа да мүдделі тараптардың бірлесіп жұмыс істеуі және қажет болған жағдайда қолданыстағы тәсілдерді өзгертуі қажет.

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Қазақстанда мерзімінен бұрын өткізілген президент сайлауы нәтижесінде іс басындағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 70,96% дауыс жинап, жеңіске жетті. Тоқаевтың басты қарсыласы – «Ұлт тағдыры» қозғалысының үміткері Әміржан Қосанов сайлаушылардың 16,23% дауысын алды. Басқа бес үміткер Дания Еспаева, Төлеутай Рахымбеков, Амангелді Таспихов, Жамбыл Ахметбеков және Садыбек Түгел сәйкесінше 5,05%, 3,04%, 1,98%, 1,82% және 0,92% дауыс жинады.
- Бішкекте өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кездесуінде тараптар 2018 жылы Циндао саммитінің нәтижелерін және қазіргі жаһандық саяси-экономикалық үдерістер аясында ШЫҰ-ның дамуының басым мақсаттарын іске асыру барысын қарастырды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер саясат, қауіпсіздік, сауда, экономика және гуманитарлық салада практикалық ынтымақтастықты дамытуға уәде берді.
- Тәжікстанның 2018-2020 жылдары Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК) төрағалық етуі аясында Душанбе қаласында АӨСШК мемлекет басшыларының бесінші саммиті өтті. Тараптар Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін, соның ішінде Ауғанстандағы және Таяу Шығыстағы қақтығыстарды талқылап, өзара диалог, сенім және үйлестіруді нығайту жөніндегі шаралар туралы пікір алмасты.
- Әзербайжан мен Түркия Нахчыван автономиялық республикасында «Мызғымас бауырластық-2019» бірлескен әскери оқу-жаттығуын өткізді. Тактикалық жаттығу екі елдің қарулы күштері арасында үйлестіруді және өзара әрекеттесуді дамытуға бағытталған. Оқу-жаттығуға шамамен 5 мың жауынгер қатысты. Оқу-жаттығу барысында 200-ге жуық танк пен брондалған автокөлік, 180-ге жуық ракеталық жүйе мен артиллериялық қондырғы және 21 ұшақ пен тікұшақ қолданылды.
- Әзербайжан, Грузия және Түркия қорғаныс министрлері Закир Хасанов, Леван Изория және Хулуси Акар Әзірбайжанның Габала қаласында кездесу өткізді. Тараптар ұшжақты форматта ынтымақтастықты дамыту перспективалары туралы пікір алмасты. Сонымен қатар, Баку мен Анкара Грузияны болашақ бірлескен оқу-жаттығуларға қатысуға шақырды.
- Молдова Демократиялық партиясының көшбасшысы Премьер-министр Павел Филип басқарған Молдова үкіметі отставкаға кетті. Жаңа үкімет ресейшіл Социалистер партиясының коалициясы мен еуропашыл ACUM блогы тарапынан құрылды. Іс-қимыл және ынтымақтастық партиясының жетекшісі Майя Санду жаңа Премьер-министр болып сайланды.
- Бішкекте Қырғызстан Сыртқы істер министрі Чингиз Айдарбеков пен Моңғолия Президенті Халтмаагийн Баттулганың қатысуымен Моңғолияның Қырғызстандағы елшілігінің ресми ашылу рәсімі өтті. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылы құрылды және бұрын Қырғызстанда тек Моңғолияның Бас консулдығы ғана болды.

Экономика, қаржы және энергия

- Бішкекте өткен ШЫҰ саммиті аясында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин, Ресей Президенті Владимир Путин және Моңғолия Президенті Халтмаагийн Баттулганың бесжақты кездесуі өтті. Тараптар өздерінің ұлттық даму стратегияларын үйлестіру және Қытай-Моңғолия-Ресей экономикалық дәлізін салу арқылы өзара ынтымақтастықты нығайтуға уәде берді.
- Өзбекстан мен Азия даму банкі Самарканд, Бұхара, Наманган және Карши қалаларында муниципалды су инфрақұрылымын жақсарту бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Өзбекстан үкіметі сумен жабдықтау және санитария саласын ұлттық дамудың күн тәртібіндегі негізгі басымдықтардың бірі ретінде анықтап, саланың дамуына ықпал ету үшін бірқатар реформаларды бастады.
- Бішкекте өткен Қырғыз-қытай бизнес-форумында 7,7 млрд. доллар көлемінде 24 құжатқа қол қойылды. Келісімдер Ош облысының Наукат ауданында органикалық тыңайтқыштарды өндіруге арналған 260 млн. долларлық зауыт пен Жалал-Абад облысының Созақ ауданында 60 млн. долларлық сүт зауытының құрылысын қамтиды.
- 2019 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қазақстан 36,5 млн. тонна мұнай және газ конденсатын өндірді, оның 21,7 млн. тоннасы Теңіз (12,48 млн. тонна), Қарашығанақ (4,97 млн. тонна) және Қашаған (4,24 млн. тонна) сияқты үш ірі мұнай кен орнында өндірілді. Аталмыш кезеңде Қазақстан 29,1 млн. тонна мұнай экспорттап, 6,7 млн. тонна мұнай өңдеді.
- Қазақстан Ұлттық банкінің ақпараты бойынша, 2005-2018 жылдары Жапония Қазақстанның ірі сауда және инвестициялық әріптестерінің біріне айналды. Жапондық инвестициялардың ағымы 5,8 млрд. долларды, оның ішінде 2018 жылы 403 млн. долларды құрады. 2018 жылы өзара тауар айналымы 2 млрд. долларға жетті. Қазіргі таңда Қазақстанда жапон капиталымен 70-тен астам кәсіпорын жұмыс істейді.
- Грузия Премьер-министрі Мамука Бахтадзеңің АҚШ-қа жұмыс сапары барысында Грузияның Экономика және тұрақты даму министрлігі мен АҚШ Сауда департаменті Тбилисиде АҚШ сауда өкілдігін ашу туралы келісімге қол қойды. Өкілдік екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды үйлестіріп, АҚШ-тың іскерлік мүдделерін аймақта нығайтатын орталық ретінде қызмет ететін болады деп күтілуде.
- Вьетнам банктері қауымдастығының делегациясы Еуразиялық экономикалық комиссияның штаб-пәтерінде болды, онда қаржы қызметтері саласындағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды. Сондай-ақ, тараптар 2016 жылдың қазан айында күшіне енген Еуразиялық экономикалық одақ пен Вьетнам арасындағы еркін сауда аймағы туралы келісім бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігін қарастырды.

Қоғам және мәдениет

- Түркі кеңесінің Бас хатшысы Бағдал Әміреев Ашхабадқа сапармен барды, бұл Түркі кеңесі Бас хатшысының Түрікменстанға алғашқы ресми сапары болды. Сапар барысында Бағдал Әміреев Түрікменстан Сыртқы істер министрі Рашид Мередовпен кездесті. Кездесу барысында тараптар Түркі кеңесі мен Түрікменстан арасындағы сындарлы әрі өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Түркияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Невзат Уыныкпен кездесті. Түрік дипломаты Қазақстанның мемлекеттік қызметті жетілдірудегі және электронды үкіметті енгізудегі жетістіктеріне баса назар аударды. Ал Алик Шпекбаев Елшіге инвестициялық жобаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған жұмыс туралы баяндады.
- Ош қаласында 2010 жылдың маусым айында Қырғызстанның оңтүстігінде болған этникааралық қақтығыстар барысында қаза болғандарды еске алу жыны өтті. Қырғыз лауазымды тұлғалары мен қоғам қайраткерлері «Аналардың көз жасы» мемориалдық кешеніне гүл шоқтарын қою рәсімі барысында құрбан болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алып, дұға бағыштады және олардың отбасыларына көңіл айтты.
- Бакуде «БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі Түркі әлемі әйелдерінің ролі» атты парламентші әйелдердің халықаралық конференциясы өтті. Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік ассамблеясы мен Әзербайжан Ұлттық ассамблеясы бірлесіп ұйымдастырған шаралар қатысушылар гендерлік теңдіктің маңыздылығын талқылап, әйелдерді саяси, экономикалық және әлеуметтік өмір салаларына интеграциялау қажеттігін атап өтті.
- Бакуде түркі әлемін зерттеуге арналған VI Халықаралық симпозиум өтті. Симпозиумға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Татарстан және Башқұртстаннан 400-ге жуық ғалым, мемлекеттік қайраткер мен қоғам қайраткері жиналды. Қатысушылар түркітілдес халықтардың ортақ мәселелерін, сондай-ақ жаңа зерттеу және білім беру бастамалары арқылы өзара гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту жолдарын талқылады.
- Әзербайжанда заңды некеге тұрмаған әйелдер дүниеге әкелген балалардың саны азайды. 2018 жылы елде осындай 20,716 бала дүниеге келді, 2017 жылы олардың саны 22,796 болса, 2016 жылы – 26,288, 2015 жылы – 24,038, ал 2014 жылы – 25,486 болды. Некесіз бала туу үрдісі көбінесе ауылдық жерлерде байқалады.
- TourStat сапартамалық агенттігінің ақпараты бойынша, Қазақстандағы Бұрабай курорты, Қырғызстандағы Ыстықкөл көлі, Беларусь еліндегі Нарочь көлі, Бакудегі Абшерон шипажайы және Армениядағы Севан көлі ресейлік туристер арасында ТМД елдеріндегі ең танымал жазғы курорттар болып табылады. Орташа алғанда, туристтер бұл курорттарда бір немесе екі апта демалып, күніне 50-110 доллар жұмсайды.